

Еуразия материгі

ЕлтайБалжан

Жанызакова Сымбат

ББ14-02К

ЕВРАЗИЯ



Мазмұны

- ▶ *1.Еуразия материгі*
- ▶ *2.Географиялық сипаттамасы*
- ▶ *3.Геологиялық сипаттамасы*
- ▶ *4.Жер бедері*
- ▶ *5.Топырақ жамылғысы*




Географиялық сипаттамасы

- ▶ Ауданы 53,3 млн. км² (бүкіл құрлықтардың 37%-і), оның 2,75 млн. км²-ге жуығы аралдар. Еуразия екі дүние бөлігінен — Еуропамен Азиядан тұрады. Олардың арасындағы шартты шекара — Орал тауының шығыс етегі, Жем өзені, Каспий теңізінің солтүстік-жағалауы, Кума және Маныч өзендерінің аңғарын бойлап Донның сағасына өтеді. Одан әрі шекара Азов және Қара теңіздер, Босфор бұғазы. Мәрмәр теңізі, Дарданелл бұғазы арқылы Жерорта теңізіне шығады. Біртұтас құрлықты Еуропа және Азия дүние бөліктеріне бөлу ежелгі дәуірде қалыптасқан тарихи-дәстүрлі түсінік. Құрлықтың қиыр шеттері: солтүстігінде — Челюскин мүйісі (77°43' с.е.), оңтүстігінде — Пиай мүйісі (1°16' с.е.), батысында Рока мүйісі (9°34' б.б.), шығысында — Дежнев мүйісі (169°40' б.б.) Солтүстіктен оңтүстікке 8 мың км-ге, батыстан шығысқа 16 мың км-ге созылады. Еуразияға жататын бірқатар аралдар құрлықтан біршама қашық жатыр. Шпицберген, Франц Иосиф жері және Солтүстік Жер аралдары 80° с. е-тен әрі асады. Малай топаралдары оңтүстік жарты шарға өтіп, 11° о.е-ке дейін барады. Атлант мұхитындағы Азор аралдары 28° б.б-та орналасқан. Еуразия — барлық мұхиттармен (Атлант, Солтүстік Мұзды, Үнді, Тынық) және олардың шеткі теңіздерімен шектесіп жатыр. Мұхиттар мен теңіздер құрлыққа сұғына кіріп, әсіресе, оның батыс және оңтүстік шеттерін көбірек тілімдеген.

Геологиялық сипаттамасы

- ▶ Құрлықтың негізін Еуразия плитасы құрайды. Плитаның басқа литосфералық плиталармен түйіскен жерінде күшті тау түзілу әрекеттері өткен және олар қазіргі кезде де жалғаса түсуде. Ондай жерлерде аса биік тау жүйелері қалыптасып, күшті жер сілкінулер және жанартау құбылысы орын алған. Еуразияның жер құрылымдары — ежелгі платформалардың (Шығыс Еуропа, Сібір, Қытай, Үнді, Араб) аралықтарын жас платформалар бөліп жатады. Құрлықтың қазіргі жер бедері, негізінен, неоген мен антропогендегі тектоникалық қозғалыстардың нәтижесінде түзілген. Жаңа тектоникалық қозғалыстар, әсіресе, Альпі — Гималай және Шығыс Азия геосинклинальдық белдеулерінде қарқынды жүрген. Бұл белдеулерді аса көлемді тау жүйелері қамтиды



Жер бедері

▶ Еуразияның жер бедері алуан түрлі. Материктің теңіз деңгейінен орташа биіктігі 840 м, оның ауданының жартысынан астамын таулар құрайды. Еуразияда дүние жүзіндегі аса биік тау жүйелері орналасқан. Мұндағы 14 шыңның абсолюттік биіктігі 8000 м – ден жоғары. Олардың 11 – і Гималай тауларында орналасқан, ең биігі – Джомолунгма (Эверест) – 8848 м. Таулардың аралығын кең байтақ жазықтар алып жатыр. Еуразияның жер бедерінің тағы бір ерекшелігі, биіктік ауытқуларының зор болуы теңіз деңгейінен ең төмен жатқан Өлі теңіз (-403) бен Джомолунгманың биіктігі арасындағы айырмашылық 9251 м – ге жетеді. Еуразия жер бедерінің аталған ерекшеліктері материктің даму тарихы мен оны құрайтын жер қыртысындағы өзгерістермен байланысты.

Эверест- биіктігі 8848 м.



- ▶ *Еуразияның жер бедірінің тағы бір ерекшелігі, биіктік ауытқуларының зор болуы теңіз деңгейінен ең төмен жатқан Өлі теңіз (-403) бен Джомолунгманың биіктігі арасындағы айырмашылық 9251 м – ге жетеді. Еуразия жер бедерінің аталған ерекшеліктері материктің даму тарихы мен оны құрайтын жер қыртысындағы өзгерістермен байланысты*



▶ *Материктің негізін құрайтын Еуразия литосфералық тақтасы әр түрлі геологиялық жастағы құрылымдардың жымдасуынан түзілген. Олардың ең ежелгілері: Шығыс Еуропа, Сібір, Қытай, Корей және Оңтүстік Қытай платформалары. Олардың аралығындағы қозғалмалы бөліктерде болған кейінгі тау жасалу әсерінен платформалар әр түрлі өзгерістерге ұшырап, бір – бірімен жалғасады. Соның нәтижесінде материктің көлемі ұлғайды. Кейінірек оған ежелгі Гондавана материгінің сынықтары (Арабия мен Үндістан платформалары) соқтығысты. Еуразия литосфералық тақтасының соқтығысуы жүрген оңтүстік бөлігінде өте күшті тау жасалу жүрді. Соның нәтижесінде аса биік, құрылымы күрделі Кавказ, армян және Иран таулы қыраттары, Памир, Тибет таулы қыраты, Гималай таулары қалыптасты. Материктің шығысында Тыңық мұхиттық тақта Еуразия тақтасының астына сыналап енетін бөлікте аралдар доғалары мен мұхиттық терең шұңғымалар түзілді. Бұл аймақтағы жер қыртысы осы уақытқа дейін өте қозғалмалы болып келеді.*

Табиғат белдеулері

- *Еуразияның көпшілік бөлігі флорасы мен фаунасының құрамы жөнінен Голарктика облысына жатады. Оңтүстігі Палеотропика флоралық және Үнді-Малай фауналық облыстарына кіреді. Топырақты-өсімдікті жамылғысы мен жануарлар дүниесі, негізінен, 2 бағытта — ендік бойынша және мұхит жағалауынан құрлықтың ішіне қарай өзгереді, тауларда олар биіктік бойынша таралған. Арктикалық белдеу — арктикалық шөл белдемінен тұрады. Субарктикалық белдеуде тундра мен орманды тундра белдемдері өтеді. Қоңыржай белдеудің континенттік бөлігінде белдемдер ендікті бойлай орналасқан. Олар: тайга, аралас орман, жалпақ жапырақты орман, орманды дала, дала, шөлейт белдемдер. Мұхиттарға жақын бөлігінде олардың шекаралары ендіктен біраз ауытқиды. Қоңыржай белдеудің оңтүстік шетінде жазықтық белдемдер батыстан шығысқа қарай алмасып отырады. Атлант мұхиты маңында орман, Карпат таулары маңында орманды дала, Шығыс Еуропа жазығының оңтүстігінде дала мен шөлейт, Қазақстан мен Орталық Азияда шөлейт пен шөл, Моңғолияда дала мен орманды дала, Манчжурия мен Жапонияның солтүстігінде қайтадан орман белдемдері орын алған. Белдемдер субтропиктік белдеуде де батыстан шығысқа қарай алмасады (Жерортатеңіздік қатты жапырақты ормандар мен бұталар, Кавказ сырты мен Кіші Азияның субтропиктік далалары мен шөлейттері, Иран таулы қыраты және Орталық Азияның оңтүстігінің субтропиктік шөлдері). Бұл белдеудегі құрлықтың ішкі бөлігінде шөлейт, Памир мен Тибет тау қыраттарында биік тау шөлі таралған.*

- ▶ *Тропиктік белдеуге жататын Араб түбегі, Месопотамия және Инд өзенінің алабында тропиктік шөлейт пен шөл орын алады. Шығысындағы тропиктік ендіктерден солтүстік субэкваторлық белдеу өтеді (ауыспалы ылғалды субэкваторлық ормандар мен саванна белдемдері). Экваторлық белдеу Малакка түбегі мен Филиппин аралдарының оңтүстігін, Цейлонның оңтүстік-батысын, Үлкен Зонд аралдарын қамтиды (мұнда ылғалды экваторлық орман — гилея таралған). Кіші Зонд аралдарын оңтүстік экваторлық белдеудің ормандары мен саванналары алып жатады. Топырақ және өсімдік жамылғысы, жануарлардың белдемдік таралуына таулар күрделі өзгеріс енгізеді.*



- ▶ *Еуразияның қоңыржай белдеуінің ішкі үлкен бөлігін қамтитын тау жүйелерінде ендік белдемдік биіктік белдеулердің құрамына кіреді. Құрлықтың жеке бөліктерінің табиғат жағдайлары адамның шаруашылық әрекетінің нәтижесінде әр түрлі дәрежеде өзгерген. Бір жағынан, қалалар мен өнеркәсіп көп шоғырланған (Батыс Еуропа), екінші жағынан, егіншілікке ертеден пайдаланылып келе жатқан, әрі ауыл халқы тығыз қоныстанған (Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия) аудандар өзінің табиғи қалпынан мүлде айырылған. Ондай жерлерде антропогендік ландшафт қалыптасқан. Оған керісінше, Орталық Азия мен Тибеттің шөлдік таулы үстірттері, экватор маңындағы ылғалды орман жауып жатқан кейбір аралдардың табиғаты алғашқы қалпынан өзгермеген.*




- ▶ *Морфотектоник. құрылымның бірлігіне, жаңа тектоникалық қозғалыстардың ұқсастығына, климат түзуші факторлардың және климатының ерекшеліктеріне, табиғат белдемдерінің жиынтығына байланысты Еуразияны мынадай ірі табиғи аумақтық кешендерге бөлуге болады: Арктиканың Еуразияға қарасты бөлігі — Батыс Еуропа, Шығыс Еуропа, Солтүстік Азия, Жерорта теңізі маңы және Алдыңғы Азия таулы қыраттары, Оңтүстік-батыс Азия, Орталық Азия, Биік Азия, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия және Оңтүстік-Шығыс Азия.*

Топырақ жамылғысы, өсімдіктер және жануарлар әлемі

- ▶ *Арктикалық белдеудің қиыр солтүстігіндегі аралдарды арктикалық шөл зонасы алып жатыр. Жазы өте суық және қысқа. Аралдарды түгелдей дерлік мұз жауып жатыр. Мұздан бос жерлерде мүк, қына, балырлар өседі, топырақ қалыптасып жетілмеген. Жануарлардан ақ аю мен ақ түлкі кездеседі, жағалаулары жазда құс базарына айналады. Соңғы кезде ақ аю саны азаюда. Мұнда бұталы өсімдіктер жерге төселіп өседі. Жануарлардан бұлан, қоңыр аю, қоян сияқты орман жануарлары мен саңырау құрды кездестіруге болады. Исландияда мұз басу дәуірінен бері сақталған қойөгіз тіршілік етеді.*

► Қоңыржай белдеуде ағаш текті өсімдіктердің өсуіне жағдай бар. Тайгада тек қана қылқан жапырақты ағаштар өседі. Тайганың топырағы күлгін, көбінесе батпақты болып келеді. Климаттың батыстан — шығысқа қарай қаталдануына байланысты Скандинавия түбегі мен Финляндияда, Ресейдің еуропалық бөлігінде қарағай мен шырша өседі. Ал Ресей жерінің Оралдан шығысқа қарай жатқан бөлігі Сібірде суыққа төзімді майқарағай, сібір қарағайы және қыста қылқандарын түсіретін ағаш балқарағай таралған



- ▶ Тайга мен биік таудағы ормандар неғұрлым жақсы сақталғандықтан, жануарлар дүниесі де салыстырмалы түрде бай. Мұнда зубр, бұлан, марал, елік жыртқыштардан қоңыр аю, қабан тіршілік етеді. Қиыр шығыста қорғауға алынған ірі жыртқыш Уссурий жолбарысы сақталған.



- ▶ Орманды дала және дала зоналары Шығыс Еуропа мен Батыс Сібір жазықтарының оңтүстігінде тұтас жолақ түрінде Алтайға дейін созылып, Қиыр Шығыста қайта жалғасады. Бұл зоналарда өте құнарлы қара топырақ таралған. Сондықтан зоналар түгелге дерлік жыртылған. Жануарлардан саршұнақ, дала күзеңі, дала тышқандары тіршілік етеді.

- ▶ Шөлейт және шөл зоналары Каспий маңы ойпатынан басталып, Қазақстан мен Орта Азияны тұтас жолақ түрін қамтып, Моңғолия мен Қытайдың тауаралық ойыстарында таралған. Шөлейтке күрең топырақтар тән, тұзы бетіне шығып жататын сортаңдар да кездеседі. Шөлейттерде кең таралған жусандармен қатар селеу, бетеге, бұйырғын және т.б. өсімдіктер өседі.



- ▶ Қатты жапырақты мәңгі жасыл ормандар мен бұталар зонасы Жерорта теңізінің биік таулармен қоршалған жағалауын алып жатыр. Мұнда орманның құнарлы қоңыр топырағы таралған. Ормандарды кесу нәтижесінде өсімдіктер сиреген, сақталып қалған бөлітерінде тас емен, тығын емені, қолшатыр тәрізді жерортатеңіздік пиния қарағайы, лавр ағашы, лавр шиесі, грек жаңғағы, зәйтүн, кипарис.

